

Қарттарым-асыл қазынам

Ел мүддесін бәрінен биік қоятын, өзінен кейінгі ізіне ерген інілеріне ізеттігін аямайтын, ізінен ерген ұрпағына ұлылығын ұялатып, бір қауымға бас-көз бола білген қарттарымыздың орны ерекше. Әр халықтың бойында ықылым заманнан бері қалыптасып оны өзгелерден даралап тұратын, тек өзіне ғана тән қасиеттері болады. Біздің халқымыздың сондай ерекшеліктерінің бірі –үлкенді сыйлау, оның сөзіне құлақ асу. Қазақ қарты жасына лайық ауызы дуалы, сөзі берекелі, ісі тыңғылықты ойы терең ақылы телегей теңіз болып келеді.

Қалалық білім бөлімінің жоспары негізінде мектебімізде қарттар мен мүгедектерді әлеуметтік қолдау айлығы аясында атқарылатын іс-шаралар жоспары құрылып, бекітілді.

1-11 сыныптарда «Қарттарым- асыл қазынам», «Ақылды қария, ағынды дария» тақырыбында сынып сағаттары өтті.

5-6 сынып оқушылары «Менің сүйікті әжем мен атам», «Портрет моей бабушки» тақырыбында суреттер байқауы өтті. Байқау қорытындысы:

Бас жүлде: Қылышбек Сезім - 5 Е

1-орын: Айтжан Мәди - 5Г

2-орын: Қуандықова Еркежан - 5В

2-орын: Еркинбекова Томирис - 5А

2-орын: Мұқаш Айдана - 5Е

3-орын: Бекмағамбет Асылай - 5В

3-орын: Нұрсейіт Жанерке - 5Г

3-орын: Жұмабаева Лаура -5Г

Мектептің өзін-өзі басқару ұйымының мүшелері зейнеткер ұстаздарды мерекемен құттықтап, бейнеролик жасады.

1-3 сынып оқушылары өз қолдарымен, ұстаздарының көмегімен «Қайырымдылық почтасы» тақырыбында әжелеріне, аталарына ашықхаттар жолдады. 7-8 сынып оқушылары «Қариялар, ақылшы даналар» тақырыбында фотокөрме жасады.

Қазанның 7-сі «Қарттарым-асыл қазынам» атты қарттарға арналған мерекелік концерттік бағдарлама ұйымдастырылды. Мерекеге еңбек ардагерлері мен осы мектепте жұмыс істеген зейнеткер ұстаздар шақырылды. Мектеп оқушылары мен мұғалімдер қарттарға өздерінің өнерлерін көрсетті. Концерттің соңы мерекелік дастарханға ұласты. Мектептің кәсіподақ ұйымы қарттарға сыйлықтар тарту етті.



